


ТАҚЫРЫБЫ:

**Ауылшаруашылық дақылдарының
тұқымдарын фунгецидтермен улау және
химиялық қорғау тәсілдерінің
биологиялық, экономикалық тиімділігін
анықтау**



Жұмыстың мақсаты: тұқымның вегетация кезеңінде фунгицидтермен, дәрілеудің экономикалық тиімділігін анықтауды үйрету.

Зерттеу нысаны: Бидай дәні, күздік бидайды егу, тұқымды дәрілеу – 115 т.к.с., дивидент экстрим, 25 % тік к.э., фунгицид – факир, бидай аурулары: тамырдың шіруі, қара күйе аурулары, ұнтақты дақ, сары таттардың түсуі, септориозды – гельминториозды дақтар.

Фунгицидтер (лат. fungus — саңырауқұлақ және caedo — өлтіру) — мәдени дақылдарды саңырауқұлақ қоздыратын аурулардан қорғау үшін қолданылатын химиялық препараттар.

Құрылымы жағынан фунгицидтер органикалық және бейорганикалық болып бөлінеді.

Ертеде фунгицидтер ретінде мыс пен темірдің, күкірт пен мырыштың бейорганикалық қосылыстары қолданылған.

Қазіргі фунгицидтер түрлерінен: формальдегид, беномил, триазол, карбендазим, триадимефон, флутриафол, приоклостробин және сынап пен хлор, т.б. элементтердің органикалық қосылыстары, тилт, альто-супер, рекс, фалькон, скор, импакт, ридомил МЦ, т.б. пайдаланылады.

Бұлардың көпшілігі өсімдікті аурудан қорғаумен қатар оны сол аурудан айықтыра да алады және бір дақылда ауру түріне байланысты бірнеше фунгицидтер қолданылуы мүмкін.

Фунгицидтердің әсері бүркілген соң 1 — 2 сағат аралығында өсімдік мүшелеріне сіңіп, қорғау мерзімі 20 — 30 тәулікке дейін жетеді. Фунгицидтертер жиі қолданылатын ауруларға: астық дақылдарында кең таралған сары, қоңыр және сабақ таттары, септориоз, көкөніс пен бау-бақша және жеміс-жидек дақылдарындағы фитофтороз, мильдю, таз қотыр, монилиз, сұр шірік, т.б. жатады.

Фунгицидтер қолдану мөлшері мен мерзімі және жиілігі арнайы тексеруден өтіп, рұқсат етілген пестицидтер тізімінде көрсетіледі. Фунгицидтертер ағаштан жасалған құрылыс материалдарын, теріні, т.б. өңдеуге де қолданылады.

Акробат МЦ

Омицеттер тармағына жататын саңырауқұлақтар тудыратын аурулармен күресуге арналған, аса тиімді қазіргі заманғы фунгицид.

Жерглікті-жүйелі әсер ету механизміне ие және жақсы қорғаныштық және емдік сапаларын ғана емес, ұрықтың пайда болуына қарсы қасиетін байқатып, ұзақ уақыт әсер етеді. Фениламид тобының препараттарымен қарама-қарсы төзімділіктің болмауына байланысты төзімділікке қарсы бағдарламаны дайындауда қолданылады. Сондай-ақ фениламид тобына төзімділік анықталған аймақтарда да қолданылады.



Әсер етуші зат: диметоморф (90 г/кг) + манкоцеб (600 г/кг).

Препараттық формасы: сулы дисперленген түйіршік.

Қолданылу аясы: картоп және қызанақ фитофторозына, картоптың қара альтернариоз дағына, қияр мен жуа пероноспорозына, жүзімнің жалған ақұнтағына (милдью) қарсы қолданылады. Ауру қоздырғыштарын барлық өсу кезеңінде жояды, ұзақ емдік және алдын алушылық әсерге ие. Фитофтороздан өсімдікті ғана емес, картоп түйіндерін де сенімді сақтайды. 30-60 минуттан соң-ақ жауын-шашынмен шайылып кетуге тұрақты.

Қолданылу мөлшері

Препараттың атауы	Препаратты қолдану мөлшері(л/т,кг/т)	Дақыл	Арамшөп, зиянды организм, аурулар	Өңдеу әдісі, уақыты, шектеулер
<p>Акробат МЦ, 69% с.д.т.(манкоцеб, 600г/кг+диметоморф, 90г/кг)</p>	2,0	Картоп	Фитофтороз	<p>Өсіп-өну кезеңінде шашу</p>
	2,0	Жуа, қияр	Пероноспороз	
	2,0	Жүзім	Милдью	
	<p>Препаратты қолдану мөлшері (л/т,кг/т)</p>	Дақыл	Арамшөп, зиянды организм, аурулар	
	0,3	Жаздық және күздік бидай	Қоңыр, сабақты, сары тот,гельминтоспориоз	
	0,3-0,4	Күріш	Пирикулярриоз	

Рекс Дуо

Қолданылу аясы кең фунгицид, аралас инфекция кезінде аса маңызды. Саңырауқұлақ метоболизміне әсер етеді, олардың өсімдік бетінде және ұлпаларында өсуін тоқтатады, ауру қоздырғыштардың ұрығын тасымалдауын тоқтатады. Алдын алу және емдік әсерін тигізеді. Салқын немесе ылғалды ауа-райы жағдайларында сенімді әрі ұзақ мерзімді қорғаныс қабілеті бар.

Әсер етуші зат: тиофанатметил (310 г/л)+эпоксиканазол (187 г/л).

Препараттық формасы: концентратты суспензия.

Қолданылу аясы: сары дақ, ақұнтақ, масақ дағы, тоттану (қоңыр, сабақты, қортық), септориоз, рамуляриоз, церкоспороз, ринхоспориоз және торлы дақ тәрізді жаздық бидайдың, күздік бидайдың, жаздық арпаның, қант қызылшасының және асбұршақтың ауру қоздырғыштарына қарсы қолданылады.



Қолданылу мөлшері

Препараттың атауы	Препаратты қолдану мөлшері (л/т,кг/т)	Дақыл	Арамшөп, зиянды организм, аурулар	Өңдеу әдісі, уақыты, шектеулер
РЕКС ДУО, 49, 7% к.с. (тиофанат-метил, 310 г/л+эпоксиконазол, 187 г/л)	0,3	Жаздық және күздік бидай	Қоңыр, сабақты, сары тот,гельминтоспориоз	Өсіп-өну кезеңінде шашу
	0,3-0,4	Күріш	Пирикуляриоз	Аурудың алғашқы белгілері пайда болғанда шашу

Ратамил

Жүйелі және жанаспалы әсер ететін бірегей фунгицид. Қорғаныс әсерінің жоғары нәтижелілігін және ұзақтығын қамтамасыз етеді. Өңдеу кезінде аурудың алғашқы белгілері пайда болғанша өсімдіктерді толықтай қорғауға кепілдік береді. Ұсынылған мөлшерде қолданғанда фитоуытты емес.

Әсер етуші зат: манкоцеб (640 г/кг) және металаксил (80 г/кг).

Препараттық формасы: суланатын ұнтақ.



Қолданылу аясы: картоп және қызанақ фитофторозына, қияр және жуа пероноспорозына, жүзім милдьюына қарсы күресуге арналған. Дақылды өңдеу ауа-райы болжамының негізінде немесе аурудың алғашқы белгілері пайда болғанда алдын ала жүргізілуі тиіс. Өңдеулер арасындағы интервал ауа-райына байланысты 10-14 күнді құрау қажет.

Қолданылу мөлшері

Препараттың атауы	Препаратты қолдану мөлшері (л/т,кг/т)	Дақыл	Арамшөп, зиянды организм, аурулар	Өндеу әдісі, уақыты, шектеулер
Ратамил, 72 % с.ұ. (манкоцеб, 640 г/кг+металаксил, 80 г/кг)	2,5	Картоп	Фитофтороз, макроспориоз	Өсіп-өну кезеңінде арасына 10-14 күн салып шашу
	2,5	Жүзім шоғыры	Милдью	Өсіп-өну кезеңінде препараттың 0,02% суспензиясын шашу

ЖҰМЫС БАРЫСЫ:

1. Бидай тамырының шіруіне қарсы 115 т.к.с., дивидент экстрим – тұқым дәрісінің биологиялық тиімділігін анықтау.
2. Бидайдың қара күйе ауруларына қарсы 115 т.к.с., дивидент экстрим – тұқым дәрісінің биологиялық тиімділігін анықтау.
3. Күздік бидайдың ұнтақ ,ұнтақты дақтарына қарсы 25 % - тік к.э., фунгицид – факирдің биологиялық тиімділігін анықтау.
4. Күздік бидайдың сары таттарына қарсы 25 % - тік к.э., фунгицид – факирдің биологиялық тиімділігін анықтау.
5. Күздік бидайдың септориозды – гельминториозды дақтарына қарсы 25 % - тік к.э., фунгицид – факирдің биологиялық тиімділігін анықтау.
6. Күздік бидайдың ауруларына қарсы 25 % - тік к.э., фунгицид – факирдің шаруашылық тиімділігін анықтау.
7. Күздік бидайдың ауруларына қарсы 25 % - тік к.э., фунгицид – факирдің экономикалық тиімділігін анықтау.





*Назарларыңызға
рахмет!*